

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 05 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 желтоқсанда № 3577 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 01 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімінің 11.01.2016 № 01 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 бабы және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес Осакаров ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды облысы Осакаров ауданындағы Осакаровка кенті, Молодежный кенті, Родников, Садовый, Тельман ауылдық округі аймақтарында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Осакаров ауданы әкімінің орынбасары Нұрлан Рымбайұлы Ламбеков тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы

Қ. Шайжанов